



БҰЙРЫҚ

115-НҚ 23.05.2018 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 115-09 23.05.2018 ж.

город Астана

«Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру және тарату қызметіне тарифтер және тарифтік сметаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 26 қаңтардағы № 28-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 8-тармағына және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығымен бекітілген табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерінің (бағаларының, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларының 41-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру және тарату қызметіне тарифтер және тарифтік сметаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 26 қаңтардағы № 28-НҚ бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 1-тармағы келесідей жазылсын:

«1. «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамына Жаңаөзен қаласы бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтеріне тариф, 2018 жылдың 9 маусымнан бастап қолданысқа енгізе отырып, 1 кВтс үшін ҚҚС-сыз 0,69 теңге мөлшерінде тариф бекітілсін:»;

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Электр энергетикасы саласын реттеу басқармасы осы бұйрықты «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары А.Ш. Базыловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық, 2018 жылғы 9 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 1 тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу,
бәсекелестікті және тұтынушылардың
құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы**



А. Майтиев

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Табиғи монополияларды реттеу,
бәсекелестікті және тұтынушылардың
құқықтарын қорғау комитеті төрағасының
2018 жылғы «_____» мамырдағы
№ _____-НҚ бұйрығына
1-қосымша

**«Интергаз Центральная Азия» АҚ қоғамына электр энергиясын беру жөніндегі
қызметінің тарифтері**

№ п/п	Объект атауы	Өлшем бірлігі	Тарифтер
1	Жаңаөзен қ.	теңге/кВтс	0,69
2	Күлсары қ.	теңге/кВтс	1,04

КОПИЯ ДУРЫС

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрлігінің
 Табиғи монополияларды реттеу,
 бәсекелестікті және тұтынушылардың
 құқықтарын қорғау комитеті төрағасының
 2018 жылғы « _____ » мамырдағы
 № _____ -НҚ бұйрығына
 2-қосымша

«Интергаз Центральная Азия» АҚ қоғамына Жаңаөзен қаласы бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметіне тарифтік смета

№	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Уәкілетті органмен қабылданды
I	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	мың теңге	1 088,75
1.	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде	-//-	983,92
1.1.	жалақы	-//-	855,59
1.2.	әлеуметтік салық	-//-	94,11
1.3.	әлеуметтік аударулар	-//-	34,22
2.	Амортизация	-//-	0,00
3.	Өзге шығындар, барлығы, оның ішінде	-//-	104,83
3.1.	құрылғыларды, өлшеу құралдарын мемлекеттік терсерілуі	-//-	104,83
II.	Кезең шығыстары, барлығы, оның ішінде		0,13
4.	салықтар мен алымдар (мүлік салығы)	-//-	0,00
5.	Нормативтік техникалық ысыраптар құны,	мың теңге	0,13
5.1.	Нормативтік техникалық ысыраптар	мың кВтс	0,01
III.	Шығындардың барлығы		1 088,88
IV.	Кірістердің барлығы		1 088,88
V.	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	мың кВтс	1 586,60
	бөгде ұйымдарға	-//-	223,20
VI.	тасымалдау қызмет есебінен субсидиялау	мың теңге	
VII.	Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/кВтс	0,69